

# Профессиография және психограмма



# КІРІСПЕ

Адамның өзін-өзі тәрбиелеуі, отау құру, сөйтіп жұрт қатарына енуімен өзектесіп жататын мәселенің бірі- мамандық таңдау. Соңғы кезекті жүргізілген зерттеулер (анкета, сұхбат, т.б.) жастардың мамандық таңдай білуге байланысты ой-пікірлері мен тебіреніс-толғаныстарында бұл мәселенің қоғамдық-әлеуметтік жағынан гөрі жеке бас мүддесіне көбірек қатыстылығы байқалып жүр. Заман талабы жастардың тек мал шаруашылығы, өндіріс, құрылыс маманы ғана болмай, сауда, алыс-беріс, бизнес ісіне де көптеп мамандануын қажет етіп отыр. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас ұланның алдында мыңдаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті тұрады. Әр адамның бірнеше кәсіппен айналысуға қабілеті болғанымен, соның біреуіне ынтасы ерекше ауады. Өйткені, әр кәсіпке қажетті қабілеттілік деңгейі түрлі дәрежеде болады.

# Профессиография

**Профессиография** (профессиио – мамандық, графия – жазу, бейнелеу) — адамның жеке басының қасиетіне, психологиялық қабілетіне, психологиялық-физикалық мүмкіндігіне қойылатын талаптарды зерттеу технологиясы.

Профессиограмма дегеніміз бұл нақты еңбек әрекетін зерттеу.

Профессиограмма белгілі бір кәсіпке жанжақты сипаттама бере келе, оның адамға қоятын талаптарын, ол қызметті атқару үшін қажетті жеке тұлғалық, моралдық қасиеттер сапасын, ойлау қабілетінің ерекшеліктерін сол арқылы білім, білік және дағдылық әрекеттерді іске қосатын жүйе болып табылады.



## 1. Кәсіптің әлеуметтік-экономикалық сипаттамасы.

- 1.1 Экономика саласы
- 1.2 Маманға сұранымы
- 1.3 Кәсіп ауқымы
- 1.4 Өнеркәсіп, ұйым, мекеме түрі.
- 1.5 Еңбекті ұйымдастыру формасы.

## 2. Кәсіптің өндірістік сипаттамасы

- 2.1 Еңбек мақсаты
- 2.2 Еңбек пәні
- 2.3 Еңбек құрал-жабдықтары
- 2.4 Еңбек мазмұны: негізгі өндірістік операциялар
- 2.5 Еңбек шарты
- 2.6 Еңбекті ұйымдастыру
- 2.7 Қажетті кәсіби білім, білік және дағды.

## 3. Кәсіптің санитарлық-гигиеналық сипаттамасы

- 3.1 Еңбектің ауырлығы мен күрделі деңгейі
- 3.2 Жасы мен жынысына байланысты шектеулер
- 3.3 Жұмыс және демалыс режимі
- 3.4 Ауысымдығы
- 3.5 Талдағыш жүктемесі
- 3.6 Жағымсыз факторлар
- 3.7 Медициналық қарсы көрсетілімдері

## 5. Кадр дайындау

- 5.1 Оқу орнының түрі
- 5.2 Оқыту мерзімі
- 5.3 Жалпы білім беретін пәндерді игеруі
- 5.4 Кәсіби шеберлігін шыңдау.

## 4. Кәсіптік байланысты маманның жеке-психологиялық ерекшеліктеріне қойылатын талаптар.

- 4.1 Нейродинамика
- 4.2 Тәуліктік биоритмика
- 4.3 Психомоторика
- 4.4 Сезгіштік аумағы
- 4.5 Есте сақтау қабілеті
- 4.6 Зейіні
- 4.7 Ойлауы
- 4.8 Парасаттылығы
- 4.9 Еркіндігі
- 4.10 Мінез-құлқы
- 4.11 Тұлғаның кәсіби сапалық қасиеттері.

## Барлық профессиограммалар шамамен мынадай жүйе бойынша құрылған:

- мамандық атауы;
- мамандықтың халық шаруашылығындағы маңызы мен орны;
- еңбек түрі: қол еңбегі, механикалық, автоматты;
- еңбектің мәні және өнімі;
- жұмысты орындау үшін қажетті білім, білік;
- жұмыс шарттары, жұмыс орны;
- еңбек және демалыс тәртібі;
- медициналық қарсы көрсеткіштер;
- тұлғаның жігерлік, іскерлік және тағы басқа қасиеттеріне талаптар;
- мамандықтың тұлғаға әсері: жалпы мәдени деңгейін қалыптастыруға, ойлау қабілеттерінің, мінезінің дамуына;
- мамандықты алу жолдары, білім беру ұйымдарына сипаттамалар және оларға түсу шарттары;
- кәсіби шеберліктің өсу келешегі.

## Үлгілі профессиограммалар

### Есепші

<b>Мамандық атауы</b>	есепші
<b>Ойлаудың басымдылық құралы</b>	қосымша — реттеу
<b>№1 базалық білім саласы және оның деңгейі</b>	қаржылық менеджмент, есепшілік есеп, 3 деңгей, жоғары
<b>№2 базалық білім саласы және оның деңгейі</b>	математика және статистика, 2 деңгей, орта (білімді тәжірибеде)
<b>Кәсіби сала</b>	экономика
<b>Тұлғааралық өзара іс-әрекет</b>	«қасымда» типі бойынша жиі
<b>Басым қызығушылық</b>	шартты
<b>Қосымша қызығушылық</b>	кәсіпкерлік
<b>Жұмыс шарттары</b>	ғимаратта, отырып

# Психограмма

Профессиограмманың құрамына психограмма кіреді. Психологиялық профессиограмма дегеніміз белгілі бір еңбек түрін қомақты, жүйелі және қысқартылған түрде суреттеу болып табылады.

Психологиялық профессиограмманың екі формасы бар: жеке профессиограмма және кешенді профессиограмма. Жеке профессиограмма жұмыс көрінісін бір ғана ғылыми өрісінен сипаттайды. Мысалы: жұмысты нақты физиологиялық немесе санитарлы-гигиеналық, әлеуметтік, экономикалық жақтарын айқындау. Кешенді профессиограмма бойынша жұмыс салааралық, жан-жақты түрде қарастырылады. Мысалы: техникалық, экономикалық және әлеумет-тік ұйымдастыру

# Психологиялық профессиограммалар

```
graph TD; A[Психологиялық профессиограммалар] --> B[әмбебап (универсалды)]; A --> C[арнайы];
```

әмбебап (универсалды)

арнайы